

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 наурыздағы N 409 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 16 тамыз N 910

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының бастауыш және орта кәсіптік білім беру ұйымдары үшін арнайы пәндер бойынша оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендерді дайындаудың және басып шығарудың бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 наурыздағы N 409 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 12, 137-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының бастауыш және орта кәсіптік білім беру ұйымдары үшін арнайы пәндер бойынша оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендерді дайындаудың және басып шығарудың бағдарламасында:

"Қажетті ресурстар және оларды қаржыландыру көздері" деген 5-бөлімде:

бірінші абзацта "850", "2550", "735200" деген сандар тиісінше "828", "2395", "695160" деген сандармен ауыстырылсын;

үшінші абзацта "2002 жылы -" деген сөздерден кейін "178640" деген сан "138600" деген санмен ауыстырылсын;

"Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтиже" деген 6-бөлімде:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"2002 жылы 198 эксперименттік оқулық, 505 эксперименттік оқу-әдістемелік кешен әзірлеу;" .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*